

**Шахажанова Гульнар Каримжановнаның 6D020500 – «Филология
(қаз)» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми
дәрежесін алу үшін «С. Қасқабасов – фольклортанушы ғалым»
тақырыбындағы диссертациялық жұмысына
АҢДАТПА**

Зерттеудің өзектілігі. Өркениеттердің бірігуі мен жаһандану феномені қоғамның да, ғылымның да дамуына елеулі өзгерістер әкелді. Қазақ фольклортануы XIX ғасырда қарқынды дамып, XX ғасырда көптеген зерттеулер жасалды. Кеңестік жүйенің идеологиясы ұлттық фольклордың терең мазмұнын ашып-анықтауда көп қиындықтарды туғызғаны белгілі. Дегенмен, сол кезеңнің өзінде-ақ қазақ фольклортануының жаңа бағыттары айқындалған еді. Ал Қазақстан өз тәуелсіздігін алғаннан кейін қазақ фольклорының қазыналы арналары сараланды. Фольклордың кейінгі кезеңдердегі зерттелуінде ғалым Сейіт Қасқабасовтың ойлары мен тұжырымдарының орны ерекше болды. Ғалымның еңбектері ғасырлар бойы жинақталған халықтың асыл мұрасының жаңа аспектіде зерттелуіне жол ашты.

XX ғасыр жаңа технологиялар мен ақпараттардың, өзгерістердің бастауы болғандықтан қоғамдағы жаңа ой мен түсінікті, таным мен руханиятты негіздеуде халықтың есте жоқ ескі замандардан бастап жасалған асыл қазынасы – фольклордың орны ерекше. Ауызша шығармаларын зерттеудегі ғалымның жаңа көзқарастарды талдау әдістері жалпы гуманитарлық ғылымның дамуын зерделеу үшін де қажет. Қазақ фольклорының дамуы мен теориясына қатысты тұжырымдар оның негізгі тірегі ретінде алынып, осы саланың зерттеуде басшылыққа алынып, терең қарастыруды қажет етеді. Фольклордың даму тарихы, жанрлық ерекшеліктері мен поэтикасы, текстологиясы мен типологиясы жаңа ой-пікірлердің аясында қайта зерделеуді талап етуі де тақырыбымыздың көкейкестілігін дәлелдейді.

Фольклордың даму тарихы, жанрлық ерекшеліктері мен поэтикасы, текстологиясы мен типологиясы жаңа ой-пікірлердің аясында қайта зерделеуді талап етуі де тақырыбымыздың көкейкестілігін дәлелдейді. Қазіргі қазақ фольклортануының дамуына Сейіт Асқарұлы Қасқабасовтың қосқан үлесін зерделей отырып, қарымды қайраткерлік тұлғасын үлгі етіп, ұлттың рухани қазынасын зерттеуді мұрат еткен болашақ өрендерге насихаттаудың қажеттігі де жұмыстың өзектілігін көрсетеді.

Қазіргі қазақ фольклортануының дамуына Сейіт Асқарұлы Қасқабасовтың қосқан үлесін зерделей отырып, қарымды қайраткерлік тұлғасын үлгі етіп, ұлттың рухани қазынасын зерттеуді мұрат еткен болашақ өрендерге насихаттаудың қажеттігі де жұмыстың өзектілігін көрсетеді.

Бүгінгі таңда қазақ фольклорын зерттеуде теориялық және ғылыми материал жинақталғанмен, ғалымдардың зерттеулері, талдаулары әлі де академик С. Қасқабасовты фольклортанушы ретінде қарастырмау осы тақырыпты одан әрі зерттеуді қажет ететіндігін көрсетті және қарастырып

отырған проблеманың көкейкестілігі, оның теориялық-әдіснамалық тұрғыдан жеткілікті зерттелмеуі, практикалық қажеттілігі және аталған қайшылықтарды шешу мақсатында тақырыптың атауын «С. Қасқабасов – фольклортанушы ғалым» деп алуға негіз болды.

Зерттеудің мақсаты: Қазақ фольклортану ғылымындағы академик С. Қасқабасов еңбектерінің орнын айқындау; ғылыми ойларына, көзқарастарына, пікірлеріне жан-жақты талдау жасау арқылы қазақ әдебиеттану, фольклортану ғылымының дамуына-қосқан үлесін анықтау.

Зерттеудің нысаны: Диссертациялық зерттеу жұмысында фольклортанушы ғалым Сейіт Асқарұлы Қасқабасовтың ғылыми зерттеулері қазақ және әлем фольклортануындағы ой-пікірлермен салыстырыла, салғастырыла, сабақтастырыла қарастырылып, ғалымның қазақ фольклортануының дамуына қосқан үлесі зерттеледі.

Зерттеудің пәні: қазақ фольклортануының ғылыми-теориялық негіздері.

Зерттеудің міндеттері:

– С. Қасқабасовтың қазақ аңызтану мәселелері туралы еңбектеріндегі пікірлерге, ғылыми ойларға талдау жасау, әлемдік мифологияны зерттеудегі ұстанымдар мен тәсілдер, қазақ мифтерін анықтаудағы, жанрлық белгілерін көрсетудегі ғалым көзқарастарының негіздемесін ашу;

– эпсана және эпсана-хикаят жанрларының сипаттары мен оларды анықтаудағы ұстанымдарын зерттеу;

– ертегінің жанры мен поэтикасы, типологиясы туралы зерттеулеріндегі ғылыми ұстанымдары мен тәсілдерін анықтау;

– эпостану мәселелері және оның жанрлық сипаттары туралы ғылым зерттеулерінің қазақ фольклортануындағы орнын анықтау;

– С. Қасқабасов – қазақ фольклортануына қосқан үлесіне баға беру;

– қазіргі қазақ фольклортану мәселелерін зерттеуде С. Қасқабасов еңбектерінің мәнін, ғылым мен жоғары білім беру жүйесіндегі орнын көрсету.

Зерттеудің жетекші идеясы: қазақ фольклортануын жаңа көзқараспен, тың ойлармен терең қарастырған С. Қасқабасовтың еңбектері фольклордың прозалық түрлерінің жанрлық ерекшеліктерін, типологиялық сипаттарын қарастыруда басшылыққа алынса, мифология және қазақ мифтері, эпсана және эпсана-хикаят туралы жасаған тұжырымдары қазақ әдебиеттануы теориясын ғылыми тұрғыдан байытады. Қазақ ертегітану мәселелері мен эпостық жанрлар табиғаты туралы зерттеулері қазақ фольклортануының жаңа қырынан зерттелуіне серпін берсе, классификациялары әлемдік фольклористикамен байланысады. Халық тарихымен сабақтастыра жасаған талдаулары мен фольклорлық туындыларының сақталу, жиналу, жариялану, ұлт құндылықтарына айналуының басты бағыттары туралы жасаған тұжырымдары қазақ гуманитарлық ғылымының дамуына үлес қосады.

Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негізі:

– ғалымның қазақ аңызтану мәселелері туралы ғылыми еңбектерін зерттеу (М. Әуезов, Ә. Қоңыратбаев, Ш. Ибраев);

– ғалымның мифология және қазақ мифтері мәселелері туралы ғылыми еңбектерін зерттеу (В. М. Пропп, С. Қондыбай, Е. М. Мелетинский, Г. Сағынадин,);

– ғалымның эпсана және эпсана-хикаят мәселелері туралы ғылыми еңбектерін зерттеу (Е. Э. Бертельс, Ж. Әскербекқызы);

– ғалымның қазақ ертегітану мәселелері туралы ғылыми еңбектерін зерттеу (Ә. Диваев, М. Әуезов, Е. Тұрсынов, В. Жирмунский, С. Қирабаев)

– ғалымның қазақ эпостану мәселелері туралы ғылыми еңбектерін зерттеу (А. Байтұрсынұлы, М. Әуезов, Ә. Қоңыратбаев, Р. Бердібай, Ә. Марғұлан, Ш. Ибраев).

Зерттеу көздері. Қазақстан Республикасының ғылым және жоғары білім мәселелерін реттейтін нормативтік құжаттары (Президенттің жарлықтары, ҚР Үкіметінің қаулылары, заңдар); білім беру жүйесінің стратегиялық мақсаттары мен міндеттерін айқындайтын Ұлттық жобалар мен мемлекеттік бағдарламалар; ғалым С. Қасқабасовтың еңбектері, әлем және қазақ фольклортануы туралы ғылыми зерттеулері алынды, жалпы қазақ фольклорын сараптаған, оның көркемдік ерекшеліктері мен идеялық мазмұны туралы әр кезеңде жазылған теориялық зерттеулерде келтірілген нәтижелерден зерттеудің теориялық-әдістемелік негізі жасалды. Фольклортану бойынша шетел және отандық ғалымдардың зерттеулері; мерзімді ғылыми журналдарда және ғылыми-практикалық конференциялардың жинақтарында жарияланған мақалалар; диссертанттың зерттеу жұмысы зерттеу көздері ретінде қолданылды.

Зерттеу әдістері: Зерттеу пәніне және логикасына сәйкес жұмыста келесі әдістер қолданылды: теориялық зерттеу барысында қолданылған әдістер: ғылыми әдебиеттерге теориялық талдау; зерттеу мәселесі бойынша нормативтік, заңнамалық құжаттарды оқу және талдау; фольклор жанрлары туралы мәліметтерді жинау, топтау әдістері, сонымен бірге концептуалды талдау әдістері қолданылды; ғалым пікірлерін әлемдік, орыс, қазақ ғалымдары пікірлерімен арасындағы ұқсастығы пен айырмашылықтарын анықтауда сипаттамалық, тарихи-салыстырмалы, салғастыру әдістері және сюжеттік талдау мен композициялық құрылысын анықтау үшін салыстыру әдістері қолданылды.

Зерттеу базасы: Торайғыров университеті мен Түркия Республикасының Стамбул университеті.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы: Зерттеуде алғаш рет академик С. А. Қасқабасовтың қазақ фольклортануына қосқан үлесі айқындалады;

– ғалымның қазақ аңыздарын жүйелеудегі зерттеулері талданып, аңыздық проза терминін сәтті қолдануы, жанрлық түрлері сарапталады;

– эпсана-хикаятқа байланысты теориялық зерттеулері талданады;

– ғалым зерттеулерінде қазақ мифтерін сәтті жүйелеуі, т.б. тұжырымдары мен талдаулары сараланады;

– қазақ ертегілерінің түр және сюжеттік ерекшеліктерін жаңа қырынан зерттейді;

– ғалым қазақ ертегілер текстологиясының методологиясын құрастырудағы зерттеулері талданып, ертегі айтушы, тыңдаушы, жазып алушы, қолжазбамен жұмыс, бастырушы, оның көзқарастары, пікірі мен ұстанымымен байланысты екендігі дәлелденеді;

– эпостық шығармалардың туыстастығы сюжеті, жанрлық жақындығы, көркемдігі және образдылығы анықталады;

– С. Қасқабасов поэзиялық жанрлардың халықтың мемлекет болуы, ел болып қалыптасуындағы рөлін ерекше зерттеп, жанрлық ерекшеліктерін, поэтикалық сипаттарын анықтайды.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы: қазақ әдебиеті, соның ішінде қазақ фольклортануының ғылыми-теориялық негіздері нақтыланды.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы:

Ғылыми жұмыс нәтижелерін жоғары, орта оқу орындарында «Қазақ әдебиеті», «Қазақ әдебиетінің тарихы», «Фольклортану», «Ежелгі дәуір әдебиеті» т.б. пәндерді оқытуда пайдалануға болады.

Зерттеу барысында әдістемелік тұрғыдан құнды нәтижелерге қол жеткізілді:

– 6D020500 – Филология мамандығы бойынша білім алушылар үшін «Қазақ аңызтану мәселелері»; «Мифология және қазақ мифтері»; «Ертегінің жанрлық сипаттары мен текстологиясы» атты элективтік курс бағдарламаларын әзірлеп, оқу үдерісіне енгізуге болады;

– «Түркі және қазақ эпостану мәселелері» атты элективтік курс бағдарламаларын әзірлеп, магистранттардың оқу үдерісіне енгізуге болады;

– әдебиеттану, фольклортану ғылымдарына қатысты ғылыми-зерттеу жұмыстарында тірек материал бола алады.

Зерттеу нәтижелерінің негізділігі мен шынайылығы зерттеудің теориялық қағидалары әдістемелік тұрғыдан негізделді: академик С. Қасқабасовтың қазақ фольклортануы мәселесіне қатысты зерттеулерінің теориялық жағынан сипатталып, жанрлық ерекшеліктерін ажыратуы, жүйелеуі, нәтижелерін дәлелдеуі зерттеудің мақсаты мен міндеттерінің болжамға сәйкес келуі; зерттеу нәтижелерінің оқу үдерісіне енгізілуі.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар:

1. С. Қасқабасов – қазақ аңыздарын жүйелеуші: аңыз туралы өзіне дейінгі пікірлерге тың ойлар қосады; аңыздық проза терминін енгізіп, жанрлық түрін зерттейді. Аңыз замандар ағымымен өзгеріп, эпсана-хикаятқа айналатыны тұжырымдалады. Жанр ретіндегі басты сипаты – тектік табиғаты танылады.

2. Ғалымның аңыздық прозаның бір түрі ретінде эпсана-хикаяттардағы қиял, кейіпкерлердің діни наным-сеніммен байланысы, пайда болуының тарихи кезеңдері, мифтен өзгеру себептері, композициялық құрылымы туралы мәселелеріне қатысты маңызды ойлары фольклор жанрлары арасындағы сабақтастықты көрсетеді.

3. С. Қасқабасов – қазақ мифологиясының реформаторы: оның қазақ мифтері жайындағы зерттеулері – қазақ фольклортануындағы жаңашылдық болып табылады; қазақ мифтерін алғаш рет жүйелеп, ғылыми айналымға

енгізді. Мифтегі киелілік, мифтік уақыт, кеңістік, мифтегі құбылушылық, жасампаздық, мифтік сана, ілкі атадемиург т.б. тұжырымдарына жасаған талдаулары сараланады. Қазақ мифтерінің толық мифтік деңгейге көтеріле алмауының себептерін Түркі қағанатының құлиеленушік мемлекет болмаған, әрі ұзақ уақыт мемлекет болып тұра алмауымен байланыстыратын жаңаша тұжырымдары ұсынылады.

4. С. Қасқабасов қазақ ертегілерін зерттеуде жаңа сапаға көтеруші ғалым ретінде: қазақ ертегілерінің түр және сюжеттік ерекшеліктерін жаңа қырынан зерттейді; ертегінің сюжеттік жіктелісі, пайда болу себептері, блгілері, кезеңі, өзге фольклор жанрларынымен байланысы, текстологиясы т.б. түйінді мәселелеріне қатысты ойлары дәйектелігімен, ғылыми жүйелі талдауларымен, әдіс-тәсілдерінің нақтылығымен ерекшеленеді. Ертегі сюжеттерін, құрылысын, кейіпкерлерін бір жүйе етіп зерттеу арқылы олардың пайда болу, шығу, қалыптасу кезеңдері туралы дәлелді ойды ұсынады.

5. С. Қасқабасов – қазақ ертегілер текстологиясының методологиясын құрастырушы. Ертегі текстологиясы –оның жанрлық табиғаты мен құрылымы, мазмұны мен тілі, стилі мен көркемдік ерекшеліктері, тегі мен кейіпкерлер жүйесі. Осы жүйені сақтау үшін текстологиялық зерттеу жүргізуде ертегі айтушы, тыңдаушы, жазып алушы, қолжазбамен жұмыс, бастырушы, оның көзқарастары, пікірі мен ұстанымымен байланысты екендігін дәлелдейді.

6. Ғалым қазақ эпостарының табиғатын ертегілермен сабақтастырады. Эпостың тегі мен мазмұнындағы көне сюжеттерді, эпостық сарынын, қаһарман бейнесін қоғам қажеттігінен туған көркемдік тәсілдер ретінде талдайды. Олардың тарихи туыстастығы сюжеті, жанрлық жақындығы, көркемдігі және образдылығы арқылы анықталатындығын дәлелдейді.

7. С. Қасқабасов поэзиялық жанрлардың халықтың мемлекет болуы, ел болып қалыптасуындағы рөлін ерекше зерттеп, жанрлық ерекшеліктерін, поэтикалық сипаттарын анықтайды. Сонымен қатар қазіргі психологиялық-педагогикалық ғылыми зерттеулер негізінде жоғары мектеп оқытушыларының шығармашылық белсенділігін дамыту проблемалары мен теориялық ережелерін тұжырымдайды.

Зерттеу нәтижелерін апробациялау және енгізу: шетел және отандық халықаралық басылымдарда – 6; ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және Ғылым саласындағы бақылау Комитеті ұсынған журналдарда (С. Торайғыров атындағы «ПМУ Хабаршысы», Филологиялық сериясы; Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Филология сериясы; Көкшетау Мемлекеттік университетінің Хабаршысы. Филология сериясы) – 6; Scopus мәліметтер базасында тіркелген шетел журналында жарыққа шыққан ғылыми мақала – 2 жарияланым бар.

Диссертацияның құрылымы: нормативтік сілтемелер, анықтамалар, белгілеулер мен қысқартулар, кіріспе, үш бөлім, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі және қосымшалар кіреді.